

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік
Университеті

Тақырып: Дүниежүзілік мұхит

Дайындаған: Жумағалиева Д.
Жанбулат Г.
БН-41 тобы.

Тексерген: Шайкен А.Ж.

Қарағанды 2016 жыл.



Дүниежүзілік мұхит

Жоспар:

I. Кіріспе

A) Жалпы мұхиттар туралы мәлімет

II. Негізгі бөлім

A) Тынық мұхит

B) Атлант мұхиты

C) Үнді мұхит

D) Солтүстік Мұзды мұхит

III. Тұздылығы.

IV. Температурасы.

V. Тіршілігі.


VI. Қорытынды.

VII. Пайдаланылған әдебиеттер.



Тынық мұхит

Әлем мұхиттарының биомассасының 50% Тынық мұхитының еншісінде. Тынық мұхитының жануарлар түрінің әлемі өзге мұхиттағыға қарағанда 3-4 есеге бай, әсіресе тропика суларында. Тынық мұхитының жан-жануарларына тән ерекшелік олардың жүйелік топтары мен эндемизмінің көнелігі. Тынық мұхитында теңіз кірпілері мен семсекұйрықтардың көне түлерінің көбісі, өзге мұхиттарда (мысалы, [Иордан](#), [Гильбертидия](#)) қалмаған [балықтардың](#) кейбір көне түрлері, [лосось](#) балығы тобының барлық түрі Тынық мұхитында қалған. Эндемикалық сүтқоректілердің түрлері: [теңіз мысығы](#), [дюгонь](#), [сивуч](#), [теңіз қамасы](#). Тынық мұхитының көптеген жан-жануарларына алыптық тән қасиет.



Атлант мұхиты.

Жер шарындағы аумағы жөнінен Тынық мұхиттан кейінгі екінші мұхит. Зоопланктонды, көбінесе, шаян тәрізділер құрайды. Олардың ішінде киттің негізгі қорегі – криль Антарктида жағалауында өте көп. Суық және қоңыржай белдеуінде сүт қоректілерден – кит пен жарғақаяқтылар, балықтардан – майшабақ, нәлім және қамбала кездеседі. Тропиктік белдеуде кашалот, теңіз тасбақасы, акула, ұшқыш балықтар, краб, медуза, радиолярийлер тараған. Құстардан фрегат, альбатрос, пингвин, т.б. мекендейді.




Үнді мұхиты

Жер шарындағы аумағы жөнінен Тынық және Атлант мұхиттар ынан кейінгі үшінші мұхит. Мұхит жануарларының негізгі массасын конепода шаяндары құрайды (түрі 100-ден астам). Басқа омыртқасыздардан қанат аяқты ұлулар, медузалар, т.б. жаппай тараған. Балықтардан ұшар балық, тунец, желкен балық көп, түрлі акулалар, теңіз жыландары, теңіз тасбакасы, ірі теңіз сүтқоректілері (кит, ескек аяқтылар), құстардан альбатрос, фрегат пингвиннің бірнеше түрі тіршілік етеді.




Солтүстік Мұзды мұхит

Жер шарындағы аумағы жөнінен ең кіші мұхит. Жағалық аудандарда бағалы балықтар (муксун, чир, омуль) кездеседі. Сүт қоректілерден итбалық, морж, мұз үстінде ақ аю тіршілік етеді.




ЧИР


Омуль



Тұздылығы.

Мұхиттың барынша тұздылығы салыстырмалы жауын-шашынның қарқынды булануымен сәйкес келетін экваторлық және тропикалық аймаққа тураланады (барынша 35, 5—35, 6 ‰ дейін). Тұздылық суық ағымның әсерінен мұхиттың шығысына қарай төмендейді. Жауын-шашынның молдығы мұхит суының тұздылығын азайтады, әсіресе экваторда, батыс айналым аймағы мен субполяр ендігінде. Судың химиялық сапасы, физикалық, химиялық қасиеті жағынан бірдей болғанымен оның гидрологиялық, геохимиялық режимі әр түрлі.





Судың тұздылығы –
еріген тұздарды
1 литр судағы грамммен
алынған мөлшері.

Ең төменгі тұздылық
Солтүстік мұзды
мұхитта 32‰

Мұхиттың суы тұзды
және ішуге мүлдем
жарамсыз.

Мұхит суының
тұздылығы.

Ең жоғарғы тұздылық
Үнді мұхитында 36,5‰.
Қызыл теңізде 41‰

Тұздылық санның мыңна
бір бөлігі – промиллемен
өлшенеді.

1 литрде 35 грамм
тұз болады

Мұхит	Судың орташа температурасы
Тынық мұхиты	19,4°C
Үнді мұхиты	17,3°C
Атлант мұхиты	16,5°C
Солтүстік мұзды мұхит	-1°C

Тіршілігі.

Тірі организмдер бүкіл Мұхит қабаттарында тіршілік етеді. Органикалық дүниесі бентос (түпкі тұрғындар), планктон (пассивті жүзушілер) және нектонға (активті жүзушілер) бөлінеді. Жануарлар дүниесі түрлерінің саны 150 мыңдай. Мұхитта планетадағы тіршілік иелерінің 4/5-і мекендейді. Мұхит құрамында белок мөлшері көп азық-түлік өнімдерінің (балық, моллюскілер, бақалшақтар, сүт қоректілер, балдырлар, т.б.) маңызды көзі, ол адамдарға қажетті белоктың 20%-ын береді. Жалпы алғанда жануарлардың түрі құрлыққа қарағанда суда көбірек болады. Мұхиттан Жер шарындағы ең ірі жануарларды аулайды.



Қорытынды.

Дүниежүзілік мұхиттың үлесіне бүкіл жер бетінің бөлігі немесе 361млн км² тиеді. Дүниежүзілік мұхит 4 бөліктен тұрады. **Тынық мұхит**-Жер шарындағы ең үлкен әрі ең терең мұхит. Ең терең жері-Мариан шұңғымасы **Атлант мұхиты** Тынық мұхитынан екі есе кіші (92млн.км²). Солтүстік және Оңтүстік Американың шығысынан бастап Еуразия мен Африканың батысына және Антарктидаға дейін барады. Атлант мұхиты арқылы батыс және шығыс жарты шарда орналасқан елдерді бір-бірінен жалғастыратын аса маңызды кеме жолдары өтеді. Мұхит кеме қатынасына игерілген. **Үнді мұхиты** Оңтүстік жарты шардың едәуір бөлігін алып жатыр. (75 млн.км²). Бұл ең жылы мұхит. Үнді мұхиты суының таза, көгілдірлігімен де көзге түседі. **Солтүстік Мұзды мұхит**-мұхиттардың ішіндегі ең шағыны (14 млн.км²). Ол Солтүстік Америка және Еуразия жағалауларымен шектеледі. Оның көпшілік бөлігін жыл бойы мұз басып жатады. Мұхит бөліктеріне теңіздер, шығанақтар, бұғаздар жатады. Теңіз-мұхит суының қасиеті мен жануарлар дүниесі оқшауланып тұратын бөлігі.



Пайдаланылған әдебиеттер:

- ✓ <https://kk.wikipedia.org>
- ✓ Алматы баспа «География» 2010 жыл , « Гидробиология»
- ✓ Общая гидробиология [Константинов А.С.](#)
- ✓ Общая гидробиология Зернов С.А.
- ✓ Учебно-методическое пособие Зоя Георгиевна Гольд, Виктор Моисеевич Гольд;
- ✓ Жизнь пресных вод СССР Жадин В.И.